

Бекітемін:

Бастауыш сыныптар жөніндегі
оқу ісінің орынбасары:



С.Мырзағалиева.

Желтоқсан айының Шапталасы (13. 12-17.12.2021) шағын ортаңғы тобының күн тәртібіндегі тәрбие қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырыбы: «Менің Қазақстаным»

Апталық тақырыбы: «Қош келдің, Жаңа жыл!»

Мақсаты: балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес рухани-адамгершілік құндылықтарды, білім, білік пен дағдыларды қалыптастыру, жалпы адамзаттық қасиеттерді, патриотизм мен толеранттылықты тәрбиелеу, шығармашылық қабілеттер, ойлау мен қиялдауды қалыптастыру

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 13.12.2021	Сейсенбі 14.12.2021	Сәрсенбі 15.12.2021	Бейсенбі 16.12.2021	Жұма 17.12.2021
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.		Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балалардың дене температурасын өлшеп, көңіл-күйлерін сұрау. Әрбір ата-анаға денсаулық сауалнамасын толтырту жұмыстарын жүргізу. (Коммуникативтілік)				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)		Пед жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Қатесін тап» Тақтаға ілінген суретпен жұмыс. Смарт мақсаты: Ойлау қабілеті артады.. 4К Модель. Сыни ойлау, бала үні)	Педагог жетекшілігімен ойын: «Қарап алда есіңе сақта»	Еркін ойын 4 К Модельі Бала үні Өз қалаған ойыншықтарымен ойнату		
Таңертеңгілік жаттығу		Жаттығулар кешені. (Жап-жақты дамытушы жаттығуы)				

Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Қай қолымда көп» (4К Модель.)				
Ұйымдастырылған оқу қызметтері	Дене шынықтыру Негізгі қимыл: Жатып орындайтын жаттығулар» С/Мақсаты:Жатып орындалатын жаттығулармен танысады. 3метрден 10м ге дейін қайталамалы жүгіруді орындайды. Жаратылыстану Тақырыбы: «Қарды бақылау» С/Мақсат: Қардың жаууын бақылап, оның ақ және үлпілдек екенін байқайды. қардың қасиетімен танысады. Әдіс-тәсілі:ашық сұрақтар кою, бақылау, топқа бөлу,ойын, бағалау, жұмбақ, АКТ мен жұмыс, тәжірибе жүргізу. Ресурстар:суреттер,шын ай кар, мұз кесектері, ыдыстар, су. Күтілетін нәтиже: қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады	Музыка Тақырыбы: Тақырыбы: "Жаңа жыл – жаңа нұр" С/мақсаты: шырша және Аяз ата туралы әндерге қызығалы. әнді көтеріңкі көңіл-күйде, эмоционалды қабылдайды. Ән тыңдау: «классикалық музыка» балаларға арналған симфониялық оркестр. Ән айту:«Жасыл шырша жанында»(К.Қуатбаев, А.Асылбеков).Муз – ырғақтықимыл:Аспапта ойнау: «Қасықтармен б Дене шынықтыру Негізгі қимыл:«Еңбектеу және өрмелеу» С/Мақсаты:Гим.таяқша мен орындалатын жаттығуларды орындайды. Еңбектейді және өрмелейді.	Дене шынықтыру : Негізгі қимыл: «Қош келдің Жаңа жыл» С/Мақсаты:сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап бағытты өзгертіп жүре алады. сапка өз еріктерімен тұрады. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Аяз Ата туралы таппақ жаттау" С/Мақсат: Жаңа жыл туралы таппақпен танысады.; жаттау,сөздік ойындар барысында мерекеге, қатысты мәліметтерді пысықтай алады. Әдіс-тәсілі: сұрақтар кою, бақылау, сурет бойынша әңгімелеу, сергіту сәті, сөздік жаттығу, мақтау,бағалау,ойын, АКТ мен жұмыс. Ресурстар:суреттер, слайд, қиылған ойыншық суреттері, шырша ойыншықтары.Жапсырма лы суреттер, атрибуттар,		

	Шаттық шеңбері: Күнім күліп арайлы, Тереземнен қарайды. Достарыммен шеңберге, Тұрғанымды қалайды. Ашық сұрақтар: - Сөздік жұмыс: қар- снег. Жұмбақ: Мамықтай ұлпа, Қанттай ақ. Қыста жер бетін басады, Жазда сайға қашады. Көзіңе көрінбейді, Тоңдырып қызартады. Күні-түні ерінбейді, Өзенге мұз артады. Қыс туралы өлең оқу: <i>Далада қар борайды, Ақ мамыққа орайды. Мұз болады қатады, Жып жсылтыр боп жсатады. Аралайды бақшаны, Үзілмейді жақсы әні. Жауса-жаусын ақша қар, Гүлдене бер бақшалар.</i> -Балалар, өлеңде жылдың қай мезгілі туралы айтылған? -Қазір жылдың қай мезгілі?	мазмұнды суреттер. Сөздік жұмыс: Жаңа жыл – новый год, мереке – праздник, Аяз ата – Дед мороз Күтілетін нәтиже: Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айтады. Шаттық шеңбері: Көтеріліп шаңырақ Уықтары шаңшылар Кергелер керіліп, Өрімдей боп өрілер Бәріміз жүрсек айналып, Киіз болып көрінерБалалар Жаңа жыл қарсаңында қонаққа кімдер келеді? Аяз ата сендерге не береді? Ал ол сыйлықты сендерге кім таратады? Біз оны Аяз ата деп атасақ, басқа елдерде, мысалы көршілес Ресейде – «Дед мороз», АҚШ та «Санта Клаус» деп атаған. Балалар әр елде Аяз атаны өртүрлі қарсы алады екен. Слайд – 1: «Санта Клаус» - Америка	
--	--	--	--

-Қыс айларын атайық?
 -Қыста адамдар қалай киінеді?
 -Қыста қандай ойындар ойнаймыз?
 Қыстап қалатын қандай құстарды білесіңдер?
 Қыстап қалған құстарға қалай көмектесеміз?
 «Жауған қарды бақылау» суретін әңгімелеп береді.



Мына суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген?
 Адамдар қалай киінген?
 Адамдарға есімдер қойып олардың іс-әрекетін айтыңдар.
 Далада не жауып тұр?
 Қардың түсі қандай?
 Қарды сипаттап беріңдер?
 Терезеге назар салайық, далада не жауып тұр?

Құрама Штаттарында.

АҚШ-та Аяз атаның аты «Санта Клаус». Ол ақ теріден оралған Қызыл күртешеге киіледі. Басында-қызыл қалпақ. Санта Клаус ауада бұғымен саяхат жасайды және құбыр арқылы үйге кіреді. Балалар оған шырша астында сүт пен печенье қалдырады.

Сантаның шырша ойыншықтары бұзылып қалыпты. Оларды желімдеуге көмектесейік.

«Сынған шырша шарлары» ойыны

Ережесі: ойын қиылған суреттерден тұрады, онда шырша шарының толық бейнесін жинау қажет.

Слайд – 2: Біздің алдымызда ресейлік «Дед мороз».

Оның киімі ақ және қызыл түсті. Аяз Атаның ұзын ақ сақалы бар, қолында таяғы. Ол тек сыйлықтармен ғана емес, немересі Ақшақармен бірге

	Қар жапалақтап жауып тұр ма, әлде ұшқындап жауып тұр ма? Топ ішіндегі «Табиғат бұрышына» саяхатқа шығып, өзгерістерді бақылау. Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Қыс мезгіліне сәйкесін тап»  (Бағалау, 4К моделі, саралау) . Қоймасын қыс актарып, Жерді жапты ақ мамық. Мамықтай ұлпа, Қанттай ақ. Қыста жер бетін басады, Жазда сайға қашады. -Қардың түсі қандай? -Қарды сипаттап беріңдер? -Қардан не жасауға	қонаққа келеді. Балалар ал біздің Аяз атаны кім сипаттап береді? Балалар Аяз атадан сыйлық алу үшін не істеу қажет? Тақпақ жаттау. Сақалы бар күмістей Тістері бар күріштей Қызыл-ала шапаны Сағындым аяз атаны. Балалар ал енді біз Дымбілмеске Аяз атаны қалай қарсы алатынымыз туралы айтайық. Балалар өз ойларын айтады. Жеке жұмыс: сен анаңа Жаңа жылда қалай көмектесесің? -Жаңа жылда нені безендіреміз? -Шыршаны безендіру сендерге ұнай ма? Сергіту сәті. Қар жауып, далада боран соғады.	
--	---	---	--

	болады? -Қысқы ойындарды еске түсірейік. Бағалау: «Көңіл-күй айнасы» . Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: "Қардың қасиеті" С/Максат: қыс мезгілде табиғатты бақылау дағдысы дамиды. Қардың қасиетімен таныса отырып, атайды. Әдіс-тәсілі: ашық сұрақтар қою, бақылау, топқа бөлу, ойын, бағалау, жұмбақ, АКТ мен жұмыс. Ресурстар: суреттер, табиғатқа байланысты суреттер, қоян, көжек, жабайы аңдар қалпақ, атрибуттар. Шаттық шеңбері: Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты, Қайырлы күн, қайырлы күн достарым! -Қазір жылдың қай мезгілі? -Қыс мезгілінде ауа-		Кішкентай шыршамыз қыста тоңады. Орманнан шыршаны үйге әкелдік. Әдемі ойыншықтармен оны сәндедік. Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Бірдей ойыншықты тап!» Ұқсас бірнеше шырша ойыншықтарының ішінен бірдей ойыншықтарды тауып алады. (Бала үні, коммуникативтілік)		
--	--	--	--	--	--

		райы қандай болады? Қыс мезгілінде адамдар қалай киінеді? Қыста балалар қандай ойындар ойнайды? Қардан ақкала жасап, қар лақтырып, шана, шаңғы теуіп ойнайды. Әуен ойнап топқа орманшы ата келеді Орманшы ата: - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен сендерге орманнан келдім. Қыста орман сондай тамаша болады. Менімен орманға барғыларың келе ме? Онда менің шанама отырып барайық. (Боранның дауысы жазылған әуен естіліп тұрады.) -Балалар боран соғып тұр. Беттерін тондырып алмандыр, қолдарымен бораннан қорғайық. Міне орманға да жеттік. Орманның ауасы неткен таза. (Тыныс алу жаттығуы. Қане біріміз терен дем алайық) Ағаштарға қарай				
--	--	---	--	--	--	--

		Орманшы ата: Шанаға отырыңдар. Мен сендерді жеткізіп салайын. Орманшы ата: Мен де үйіме қайтайын. Сендерге саяхат ұнады ма? Тәрбиеші: Рахмет ата, біз орманға барып көп нәрсеге үйрендік. Орманшы ата: Сауболыңдар балалар. Ата шығып кетеді -Қазір жылдың қыс мезгілі -Қыста ауа-райы суық болады. -Қар жауып, боран соғады. -Қардан аккала жасап, қар лақтырып, шана, шаңғы теуіп ойнайды. Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: Ой қозғау: «Дұрыс па қате ме?» ойыны Дұрыс болса қол шапалақтаймыз, қате болса отырып қаламыз. Жазда күн суық болады? Сиыр үй жануары? Күзде жапырақтар				
--	--	---	--	--	--	--

		сары түске боялады? Өсімдіктер өлі табиғатқа жатады? Қыс мезгілінің үш айы бар? Банан дөңгелек пішін? (бақылау, бағалау, 4К моделі, бала үні) Қорытынды Бағалау				
Серуенге лайындық Серуен		Қыстық киімдерін мұқият кигізу, қолғаптарын түгендеп кигізу.				
		№10 Бұрқасынды бақылау. (бала үні, бақылау, деректерді тіркеу, қадағалау)	№11 Бұрқасынды бақылау. (бала үні, ойын, деректерді тіркеу)	№12 Әр түрлі күн райына қарай қардың өзгеруін байқау (4К моделі)	№13. Күннің ұзақтығын байқау. (бақылау, деректерді тіркеу)	№ 14. Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай? (бақылау, деректерді тіркеу)
Серуеннен оралу Бесін ас		Балалардың реттілікпен киімдерін шешу. Жеке бас гигиенасының ережелерін біледі және сақтайды. Тамақтану әдебін сақтап асты асықпай ішуге тәрбиелеу. Үстел үстінде мәдениетті отыруға тәрбиелеу. Асқа бата беру.				
Ойындар, дербес әрекет		Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: 3) «Ұйқыдағы аю» 4) «Қоян» (4К моделі)	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Сұр қоян жуынады»	Педагог жетекшілігімен ойын: Лото «Ертегілер»		
Балалардың үйге қайтуы		Баланың бүгінгі жеткен жетістігі туралы әңгімелесу. Тұтас бала бейнесі	Баланың бүгінгі жетістігі туралы ата- анасымен әңгімелесу. Тұтас бала бейнесі	Ойын жаттығулары: «Қимылды қайтала» «шар жарылды» Тұтас бала бейнесі		

Бекітемін:

Бастауыш сыныптар жөніндегі

оқу ісінің орынбасары:

Желтоқсан айының IV аптасының 20 - 24 аралығындағы шағын ортаңғы тобының күн тәртібіндегі тәрбие қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырыбы: «Менің Қазақстаным»**Апталық тақырыбы: «Жаңа жылдық сыйлықтар»****Мақсаты:** Балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес рухани-адамгершілік құндылықтарды, білім, білік пен дағдыларды қалыптастыру, жалпы адамзаттық қасиеттерді, патриотизм мен толеранттылықты тәрбиелеу, шығармашылық қабілеттер, ойлау мен қиялдауды қалыптастыру.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 20.12.2021	Сейсенбі 21.12.2021	Сәрсенбі 22.12.2021	Бейсенбі 23.12.2021	Жұма 24.12.2021
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балалардың дене температурасын өлшеп, көңіл-күйлерін сұрау. Әрбір ата-анаға денсаулық сауалнамасын толтырту жұмыстарын жүргізу. (бақылау)				
Ойындар (үстел үсті, саусак және т.б.)	Қысқыштармен ойналғы ойын, баулармен ойындар	Педагог жетекшілігімен ойын: «Бауда әлде бакшада ма?»	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Ақ қоян»	Құрылымдалған ойын: «Ұқсас затты топта»	«Маша мен аю» ертегісін айту. (коммуникативтілік, бала үні)
Таңертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені. (Жан-жақты дамытушы жаттығуы)				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Ойын-тренинг: «Достық тренингі». Мақсаты: Топ мүшелерін біріктіру, топта жағымды ахуал құру, жұмыс белсенділіктерін арттыру. (4К Моделі.)				
Ұйымдастырылған оқу қызметтері	Сурет салу Т/бы: «Шырша шамдары» Мақсаты: Шыршаны әшекейлеу үшін мақталы таяқшамен әсемдеуге үйрету. Шырша ағашының ерекшеліктері туралы түсінік беру. <u>Жұмбақ жасыру:</u> Жасыл тонның бояуы, Жыл он екі ай тозбайды.	Дене шынықтыру «Тепе-теңдікті сақтау жаттығулары» Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтап жүруге жаттықтыру. Шапшандықты, ептілікті дамыту. Гим. қабырғаға өрмелеуге үйрету. Жалпы дамыту жаттығуларын санау арқылы екіге бөлініп, екі қатарға тұрып жалаушалармен орындау: Б.к. аяқтарын сәл алшақ қойып жалаушаларды	Дене шынықтыру «Топқа қонаққа барамыз» Мақсаты: Менгерген іскерлік, ептілік дағдыларды бекітіп; шағын топпен тұру, педпгогтың соңынан жүру, жүгіру. Тура жолмен жүгіруді үйрету. Орында тұрып қос аяқпен секіруге дағдыларын бекіту. Саптық жаттығулары Балалар бәріміз саптық жаттығуларын жасайық. Оңға бұрыл. -Қолымыз белде өкшемен -Қолымыз жоғарыла	Жапсыру Т/бы: «Шырша шамдарын жағамыз» Мақсаты: Шыршаны безендіре білуді үйрету; тапсырманы ұқыптылықпен орындауға тәрбиелеу. Жаратылыстану Т/бы: «Жасыл шырша» С/Мақсат: балалардың жасыл шыршатуралы түсініктері кеңейеді. Жасыл шыршаның табиғаттың төрт мезгілінде жасыл болатындығын байқай алады. Жаңа жылдық сыйлықта	Музыка Т/бы: «Шырша түбіндегі сыйлық» Балалардың шырша туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мазмұнын дұрыс түсіне білуге үйрету. <i>Қаршақызбен топторды аралап, мерекеге шақырады.</i> «Арша» әнімен балалар қолдарында түрлі – түсті әшекейлер жасалып тұрған ұстап шеңбер болып шырша айналып билейді. <i>Қаршақыз келіндер, келіндер! Еңгезіңе алаң</i>

Дін, бүршіктер, сояуы, Қысқы аязға тоңбайды. - Осы шыршаға ұқсастағы қандай ағаш бар? Оның ұқсастығын хош иісі арқылы анықтаймыз. - Балалар, біз шыршаны жақсы білеміз, Жаңа жыл мерекесінде үйде, балабақшада шыршаны ойыншықтар іліп, әдемілеп безендіріп қоямыз. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық, Әдемі шырша болайық, Балдырғандар билесе, Шыр көбелек айналып, Бой сергітіп алайық. Шыршаның суретін салу жолдарын көрсетеді. Алдымен діңін салуды, төменгі жағы жуандау, жоғарғы бөлігі жіңішке болып келетінін, бұтақтарын жоғарыдан төмен қарай көлбеу сызықтармен сызу арқылы салуға болатынын	төмен түсіріп тұру. Жалаушаларды жоғары көтеру, оларды бір біріне соғып тықылдату, төмен түсіру. Б.қ. жалаушаларды иыққа қойып ұстап тұру, отыру жалаушаларды алға созу, тұру иыққа қою . Б.қ. жалаушаларды төмен түсіріп тұру, жоғары көтеру айкастыра бұлғау, төмен түсіру. Б.қ. жалаушаларды жоғары көтеріп оңға иілу, солға иілу бастапқы қалыпқа келу. Әр жаттығуды 5-6 реттен орындайды. Негізгі жаттығу: Балалар жеке жеке гимнастикалық орындық үстімен тік жүріп, доға астынан еңбектеп өтеді және жаппай бір қатармен жүріп орындайд Қимылды ойын: «Аққұтан мен бақалар» Бір бала аққұтан болады қалған балалар бақалар болады. Бақалар белгіленген жерде шеңбер ішінде яғни көлшікте жүреді, нұсқаушының белгісі бойынша ағаш басындағы аққұтан бақаларды ұстап алып кетеді. Солай ойын бірнеше рет	аяқтың ұшымен -Қолымызды жанымызға созып аяқтың ішкі қырымын, сыртқы қырымен жүреміз. Жалпы дамыту жаттығулары. Жақсы балалар солға бұрыл. Бірінші екіншіге сана. Екіншілер бір қадам алға. Екі қатарға тұрғызып, жалпы дамыту жаттығуларын орындатады. Балалардың дұрыс орындауларын қадағалайды. 1- Қолымыз белде басымызды айналдырамыз 2- Қолымыз иығымызда иығымызды айналдырамыз 3- Қолымызды алға созып, қайшылаймыз. 4- Білезігімізге жаттығу жасайық. 5- Қолымыз белде, белді айналдырамыз. Тосын сәт. Әдемі әуенмен топқа Тауық келеді. Тауық: Сәлеметсінде р ме балалар?! Мен қайда тап болдым өзімнің балапандарымнан ажырап қалып сол балапандарымды іздеп жүр едім. Маған балапандарыммен	р туралы түсінікке ие. Ресурс: Жаңа жылдық шырша және қысқы орманның суреті, түрлі түсті шарлар. Күтілетін нәтиже:Жасыл шыршатұралы түсініп,шыршаның табиғаттың төрт мезгілін дежасыл болатындығын біледі. Ортада шаттық шеңберін құрып, бәрі бірге қосылып «Шырша әнін» шырқайды. -Балалар, бүгін біз орманға саяхатқа барайық, автобуска мініп отырыңдар, көздерінді жұмыңдар, сонда ғана әпсәтте жетеміз.Жабық тұрған шыршаны ашып жібереді.-Ал, кәнекей ашыңдар!-Біз қайда келдік?-Балалар, біз нені көріп тұрмыз?-Шыршамыз қандай?-Түсі қандай?-Балалар шыршаның бізге жасырған жұмбақтары бар екен.Сол жұмбақтарды тауып шешейік. Жұмбақ: 1.Бір ақсақал жылына,Бір-ақ ерт келеді.Көп қызы мен ұлына,Сыйлық әкеп береді.(Аяз ата)2.Қыста жерді жауып кетті,Ал көктемде ағып кетті.(Қар)3.Жасыл ине киімім.Жайлаймын тау биігінЖаңа жылды	<i>айтып, би билеп, сыйлық алып көріңдер.</i> <i>-Кәнекей, балалар, шыршамыздың шамдары жана ма екен, сұрап көрейік.</i> <i>Қаршақыз: шырша, шырша, жана гой, шамдарыңды жаға гой!</i> <i>Балалардың шатпақты қатты соғуларын сұрайды.</i> <i>Бір,екі,үш әсем шырша, жана гой.</i> <i>Музыка тыңдау: «Жаңа жыл» Қ. Шілдебаев.</i> <i>Ән айту: «Арша»</i> <i>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Жаңа жыл»«Ақшақарлар»</i> <i>биі Ойнаймыз, ойнаймыз.</i> <i>Ойынға, біз тоймаймыз!</i> <i>Ойын-жарыс:</i> <i>«Аққаланы кім жылдам кийдіреді»Балалар мына аққаланың киімін жылдам кийіндіру керексіздер.</i> <i>Сергіту сәті:</i> <i>Көңілді күн.Орыс тілі</i> Название: «Зимние забавы» Образовательная: закрепить знания детей по теме зима,учить называть новые слова и фразы по теме
---	---	---	---	---

түсіндіреді. Шырша бұтақтарына оның тікендерін салғанда жоғарыдан төменге қарай көлбеу сызықты үзбей салу керектігін айтады. Шырша салып болған соң балаларға оны ойыншықтармен әшекейлеп, кішкентай домалақ, сопақша шарлар жасап, бояуды ұсынады. Тек сонда ғана ол мерекелік шыршаға айналатынын айтады. Дене шынықтыру «Орындықта жасалатын жаттығулар» Максаты: Орындықта отырып жасалатын жаттығу түрлерін үйрету. Негізгі қасиеттерді дамыту. Допты қабырғаға лақтырып, ыршыған допты қайта қағып алу біліктерін үйрету. Сөйлеуді дамыту Т/бы: «Шырша ойын шықтарымен танысу» С/Максат: балалар ойыншықтардың қасиетімен танысады, сұрақтарға өз тіркестері мен кара пайым сөйлемарқылы жауап беріп, өз ойынж еткізе біледі.	қайталанатын және кейіпкерлер ауысып отырады. 3-кезең: Рефлексиялық-түзетушілік Қорытындылау. Жақсы қатысқан балаларды атап өту. Қоштасу. Саппен залдан шығу. Құрастыру Т/бы: «Әдемі шырша» С/Максат: Жаңа жылдық мерекеге дайындық ретінде қағаздан шыршаны бүктеп жасай біледі. Ресурс: конструктор, шыршаны құрастыру схемасы. Күтілетін нәтиже: Қызықты сәт: Балалар біз бүгін сендермен қысқы орманға саяхатқа шығамыз. Орманға қыс мезгілінде немен баруға болады? Шанғымызды алып мына өлең жолдарын айтып барсақ тез жетеміз. Шанғы теуіп аппақ қарда, Жорыққа біз шығамыз. Ну орманға асқар тауға, Биікке алыс шығамыз. (қардың сықырлаған, боранның ұйытқыған дыбысы естіледі.) (Балалар шанғымен орманға келеді)	қауышуга көмектесесіңдер ме? Сабыр ет тауық ханым біздің бүлдіршіндер сенін балапандарыңды табуға көмектеседі, солайма балалар тауыққа көмектесемізбе? Ендеше біз орманға саяхат жасайық. Ол үшін мен қасыма жолсерік және көмекшім ретінде орманның қыр сырын білетін қыли қоянды шақырайын. Қоян: Сәлем балалар, мені шақырдыңдар ма? Сендерге орманнан адасып кетпей тауықтың балапанын табуға көмектесейін. Ол үшін жолда кездескен әрбір кедергіден қорқпай бар күшімізді салып өтуіміз керек. - Кеглидің арасымен жыланша еңбектеу. - Көпірден екі қолды жанына созып өту. - Тастардан қос аяқпен секіру. Тауық: Рахмет балалар, жарайсындар сендер мені өз үйіме, өзімнің балапандарыма	тойласаң Төріңдемін үйіңнің. (Шырша) 4. Терезеге қонады, Әсем ою ояды. (Қырау) 5. Қыста ғана болады, Ұстасан қолың тонады. (Қар) 6. Тісі жоқ тістеп алады, Қолы жоқ сурет салады. (Аяз) Логикалық ойын: «Қыс бейнесін құрастыру» Шарты: Балалар 3 топқа бөлініп, әртүрлі бөліктерден қыстың белгілерін бейнелеп құрайды және оны сипаттап айтады. Сергіту сәті: Жаңа жыл, жаңа жыл, Жаңа жылда, жаңа жыл. Жасыл шырша жанында, Жадырап бар бала жүр. Тамаша, тамаша, Шыршамыз тұр жараса. Басында әсем жұлдызы, Көз тоймайды қараса. Д/о: «Шарда жасырылған сұрақтар» Шарты: Қағаздан умаждап қар жасап, шарға дәлдеп тигізу. Тиген шардағы сұрақтарға жауап беру. Қорытынды: Сұрақ жауап арқылы қорытындылау	«зима», упражнять в подборе прилагательных к слову «зима». Ожидаемый результат: называть предложения из двух, трех слов, обозначающие действия. Обращают внимание детей на красоту природы. Воспитывать культуру речевого общения, прививать любовь к художественному слову. Здравствуйте, ладошки! Хлоп-хлоп-хлоп! Здравствуйте, ножки! Топ, топ, топ! Здравствуйте, щечки! Плех-плех-плех! Плех-плех-плех! Здравствуйте, губки! Чмок, чмок, чмок! Здравствуйте, зубки! Щелк, щелк, щелк! Здравствуй, мой носик! Бип, бип, бип! Здравствуйте, малышки! Всем привет! Ребятки, я вам сегодня принесла картинку. Давайте внимательно посмотрим на картинку и скажем, что на ней нарисовано. - Какое время года на картинке? - А почему вы думаете, что зима? - Где лежит снег? Ребятки, а кто нарисован на картинке? Скажите полным предложением. - А что они делают? - А какой снеговик? - А что делает мальчик? - А что делает эта девочка? - Как вы думаете, детям нравится играть зимой на улице? Посмотрите, какие
--	--	--	---	---

Ресурс: бейнеролик шырша суреті. Шыршаға арналған қорапшадағы ойыншықтар: жұлдызша, моншақ, шар.

Күтілетін нәтиже: Шырша ойыншықтарымен танысып, сұрақтарға жауап береді.

Бейнеролик көрсету. Жаңа жылға қарсы безендірілген шырша туралы бейнеролик көрсетіледі. **Суретті көрсету.** Жұлдызша, моншақтар, шарлар сияқты ойыншықтармен безендірілген жаңа жылғы шырша суреті көрсетіледі.



Көркем сөз.

- Жарқырайды жұлдыздар,
Ілінуде моншақтар,
Жымияды көк шарлар,
Күлімдейді ойыншықтар.
- Балалар, мен тапқам не туралы оқыдым? Иә,
Ойыншықтар туралы.
- Бірақ бұл біз ойнайтын ойыншықтар емес. Бұл

-Қазір біз сендермен ағаштарды танимыз. Бірақ бұл үшін біз жұмбақтарды шешуіміз керек. Жұмбақтың шешуін тапқан соң, ол ағашты суреттен көрсету қажет.

Жұмбақтар.

1. Дауылға нық күші, Ағаштың мықтысы. (Емен)
2. Дауылға да, аязға да, Шыдапбағармізбақпа й. Тау етегі тұрағы, Жап-жасыл боп тұрады. (Қарағай)
3. Қысы-жазы шешпейтін, Көйлегі бар жасылдан. Өзгертпейді еш кейпін, Жаралғандай асылдан. (Шырша)

Балалар, осы суреттердің ішінен жаңа жылдық ағаштың суретін көрсетіндерші.

Д\О: «Бөліктерін ата»

- Шырша ағашы қандай бөліктерден тұрады?
Шырша -тамыр, дінгек, инелер, бұтақтар, ұшар басынан тұрады.

Шыршаны құрастыру схемасымен жұмыс.

- Балалар, тактаға қарандаршынені көріп тұрсындар?
- Шырша қандай бөліктерден тұрады?
- Бізге қандай түсті

жеткіздіңдер. Енді менің қуанышымды бөлісіп менімен бірге би билісіндер ме?

Математика негіздері
Т/бы: «Жоғары – төмен. Үшбұрыш»

С/Мақсат: кеңістік бағыттарын анықтай алады. (жоғары – төмен); геометриялық пішіндерді біледі. Логикалық ойлауы дамиды.

Ресурс: доптар, суреттер, үшбұрыш суреттері

Күтілетін нәтиже: кеңістіктегі заттар жоғарыда, төменде орналасатынын біледі.

Балаларды шеңбер бойына тұрғызып, бір-біріне жылы сөздер айтқызу.

Ғажайып сәт: "Доптар"- Балалар менің себетімде не барына қарандаршы (себеттен доптарды алып, балаларға таратып беремін)

"Жоғарыда-төменде" ойыны

Балалар допты жоғары, содан кейін төмен лақтырады.

Жұмбақ:

Әр өрнегі мінемің, Өрге қарсы жүремің. Басқан сайын қадамды, Ұстап

они довольные, веселые, улыбаются. Щечки у детей **красные**, холодно же на улице, зима, а им весело. Физминутка. Ребята, а давайте поиграем в игру «Снежинки». Вы снежинки! Подул ветер сильный-сильный! Разлетайтесь снежинки! Снежинки кружатся, покачиваются на ветру. Ветер стих. Возвращайтесь снежинки в кружок. Молодцы! Беседа по картине «Игра в снежки» Игра-физминутка "Снежки". **Воспитатель:** А давайте мы с вами сейчас тоже поиграем в снежки. Только снег у нас будет не настоящий. Возьмите листочки бумаги и скомкайте их.

Вам понравилось заниматься? А что понравилось? Вот видите как весело зимой на улице.

шырша ойыншықтары. Оларды абайлап ұстау керек. Шырша ойыншықтары нәзік, сынып қалуы мүмкін. Оларды тек шыршаға іліп қана тамашалайды. Ұмытпаңдар. **Затты зерттеу. Жұлдызшаны көрсету.** Шыршаға ілінетін жұлдызша (суреті) көрсетіледі.



Сергіту сәті: "Сағат" Шарды көрсету. Шыршаға ілінетін шар (суреті) көрсетіледі.



Дамытушы ойын. "Бар - жоқ". **Мақсаты:** Қыс мезгіліне тән құбылыстарды ажырату, Жаңа жыл мерекесі туралы мәліметті пысықтау. **Шарты.** Балалар көрсетілген суретке қарап, қыста, жаңа жылда, болатын құбылыстарға "бар" деп жауап береді, қатысы жоқ сурет болса "жоқ" деп

конструктор қажет? Неліктен? - Схемадан тағы не көріп тұрсындар - Неге қызыл конструктор керек? - Біздің шырша қандай? - Бірінші қатарға қанша жасыл конструктор қажет? Санандар. Дала өте суық екен. Біз тоңып барамыз. Денемізді қыздырып жаттығу жасайық.

Сергіту сәті:

Боран соқты оң жақтан, Боран соқты сол жақтан. Қарлақтырып ойнасақ, Су өтеді қолғаптан.

Топқа бөлу.

- Балалар үстелге келіп, әртүрлі геометриялық фигураларды біріктіріледі. Міне, біздің командамыз да шықты.

Енді жұмысқа кірісеміз. Балалардың өзіндік жұмыстары.

Қорытынды.

Балалар біз бүгін не құрастырдық? Бізге қандай імереке жақындап келеді?

Балаларды мадақтау.

келем білегін. (саты)

Көрнекіліктен сатыны табуды ұсынамын. Сұрақ-жауап әдісі: - Сатының жоғарғы жағында кім тұр? - Сатының төменгі жағында кім тұр? - Қыз бала сатының жоғарғы жағында болу үшін не істеуі керек? - Сонда ол қай жерде болады? - Бала сатының төменгі жағында болу үшін не істеу керек? - Сонда ол қай жерде болады?

Сөздік

жұмыс: Жоғарыда-вверху Төменде-внизу

Сергіту

сәті: "Жаттығу" Жұмбақ: Үш бұрышы, үш жағы бар. Бұл - үшбұрыш.

Неге үшбұрыш деп айтамыз? Үшбұрыштың түсі қандай? Менің қолымдағы үшбұрыштардың көлемі қандай? - Алдарындағы пішіндердің ішінен үшбұрышты көрсетіндерші.

Логикалық ойын «Сәйкестендір»

Нұсқау: Әр затты сәйкес келетін пішіндермен сызық арқылы қосамыз.

Қ/о: "Ұшты-ұшты" - Балалардан ұшатын-ұшпайтын заттарды атауын атауды сұраймын. Мысалы: (ұшақ)

	таниды.  - Балалар, мен суретті көрсетіп, сұраймын, ал сендер бұндай құбылыс Жаңа жыл мерекесінде не "бар", не "жоқ" деп жауап бересіңдер. Қорытынды Мақтау, оқу қызметін пысықтау.		доп, қасық, торғай)		
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру. Серуенге ойын материалдарын таңдау.				
Серуен	Серуенде нені бақыладық, балалардың табиғатты танып білуге деген қызығушылығын ояту. Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: 1) «Күн мен түн» 2) «Қарағайлы ормандағы аю» 3) «Телефон» (Бала үні, бақылау, деректерлі тіркеу)				
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, әрқайсысы өз сөрелеріне киімдерін жинау. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Ойындар, дербес әрекет	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: 1. «Ұйқыдағы аю» 2. «Автобус» (4К моделі, ойын, бағалау,	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: 1) «Жоғарыда-төменде» 2) «Дүкенші»	«Балабақша» әнін жаттау және жеке орындау.	Ертегі кейіпкерлерін рөлдерге бөліп сомдау. «Шалқан» (бала үні, ойын, коммуникативтілік)	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: Д/о: «Бұл қай кезде болады?» «Заттар қандай фигураға ұқсайды» ойыны. (Бала үні)
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі жеткен жетістігі туралы әңгімелесу. Тұтас бала бейнесі	Ата-анамен пікірлесу. Үйде ойнайтын ойыншықтары туралы сұрау. Тұтас бала бейнесі	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. Тұтас бала бейнесі	Ата-анамен пікірлесу. Тұтас бала бейнесі	Балалардың жылжымалы дәптерлерін тарату. Жақсы демалыс болуына тілек білдіру. Тұтас бала бейнесі

Бекітемін:

Бастауыш сыныптар жөніндегі

оқу ісінің орынбасары:

Желтоқсан айының ІІІ- аптасы (27.12-31.12.2021) шағын ортаңғы тобының күн тәртібіндегі тәрбие қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырыбы: «Менің Қазақстаным» желтоқсан айы І-апта)

Апта тақырыбы: «Алақай қыс келді!»

Максаты: балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес рухани-адамгершілік құндылықтарды, білім, білік пен дағдыларды қалыптастыру, жалпы адамзаттық қасиеттерді, патриотизм мен толеранттылықты тәрбиелеу, шығармашылық қабілеттер, ойлау мен қиялдауды қалыптастыру.

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 27.12.2021	Сейсенбі 28.12.2021	Сәрсенбі 29.12.2021	Бейсенбі 30.12.2021	Жұма 31.12.2021
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.		Қайырлы таң! Балалардың көңіл-күйлерін сұрау, дене температурасын өлшеп, ата-анамен бала денсаулығы жөнінде пікірлесу. (Бақылау)				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)		құрылымдалған ойын : «Қуыршақтарға үй құрастырамыз» (Бала үні, ойын, бақылау)	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Ақ аю» (4 К моделі)	Педагог жетекшілігімен ойын: «Қарап алда есіңе сақта»	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін құрылымдалған ойын: « Жұбын тап» Максаты: геометриялық пішіндерді ажыратады, салыстырып ойлау қабілеттері дамиды. Бала үні, ойын, бақылау, сыни ойлау)	Құрылымдалған ойын «Кім тез құрастырады» С/Мақсаты: Балалар түрлі бейнелерді құрастыра алады.
Танертеңгілік жаттығу		Жаттығулар кешені. (Жан-жақты дамытушы жаттығуы)				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық		Ойын-тренинг: «Жақсы мен жаман» Максаты: Ойлау қабілетін арттыру. Жақсы қасиетке қол шапалақтау. 4К Модельі.				

Ұйымдастырылған оқу қызметтері	Дене шынықтыру Негізгі қимыл: «Еңбектеу мен доға немесе білте таяқтың астынан өту» С/Максаты:Еңбектеу мен доғаның астынан өтуді кезектестіріп орындайды. Бір орында тұрып ұзындыққа секіреді. Жаратылыстану Тақырыбы : «Қыс келді» С/Максат: Қыстың өзіне тән белгілермен, қардың қасиетімен, құстар мен жабайы жануарлардың тіршілігіндегі өзгерістермен танысады; қойылған сұрақтарға жауап бере алады. Әдіс-тәсілі: сұрақтар қою, бақылау, бағалау, ойын, жұмбақ, АКТ мен жұмыс. Ресурстар: жыл мезгілдерінің суреті, жабайы жануарлардың суреттері, карточкалар, ыдысқа салынған қар. Билингвалдық	Музыка Тақырыбы: "Қыс қызығы" С/максаты: басқа ұлт өкілдерінің әнін тыңдайды; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоционалды қабылдай білуге үйренеді. Ән тыңдау: «Қыс әні» К.Қуатбаев. К.Шалқаров. Ән айту: «Сұр көжек» Муз – ырғақты қимыл: «Сылдырмақпен би»	Дене шынықтыру Негізгі қимыл: «Тепе-теңдікті сақтау жаттығулары» С/Максаты: Тепе-теңдікті сақтап жүреді. .Гим.қабырғаға өрмелеуді. Тақырыбы: "Қыс келді» (сурет бойынша әңгімелеу) С/Максат: Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды айтады. Қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолдана алады. Әдіс-тәсілі: сұрақтар қою, бақылау, сурет бойынша әңгімелеу, сергіту сәті, сөздік жаттығу, мақтау, бағалау, ойын, АКТ мен жұмыс. Ресурстар: суреттер, слайд, қиылған ойыншық суреттері, шырша ойыншықтары. Жапсырма-лы суреттер, атрибуттар, мазмұнды суреттер. Сөздік жұмыс: Жаңа жыл – новый год, мереке – праздник, Аяз ата – Дед мороз Күтілетін нәтиже: Дауысты және дауыссыз дыбыстарды	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Отан» Е.Өтетілеуұлы С/Максат: Отан туралы шығармаларды мәнерлеп айта алады. әдебиетке деген құштарлық сезімдері артады. Күтілетін нәтиже: шағын тақпақтарды жатқа оқиды. Шаттық шеңбер: Білер қазақ баласы, Сәлем – сөздің анасы. Алдымыздан кезіккен Көп танысты көреміз. Бәріне де ізетпен Біздер сәлем береміз. Қонаққа екі қуыршақ келеді. Бірі ауылда тұрған жақсы, бірі қалада тұрған жақсы деп дауласады. Бірі менің туған жерім сұлу десе, екіншісі менің туған жерім керемет дейді. Дауласпаңдар, қуыршақтар. Әркімнің туған жері, тұратын орны өзіне ыстық, өзіне барлық жерлерден де артық, барлық жерлерден әдемі болып тұрады. - Көп ақындар, жазушылар өз туған жерлері туралы көптеген өлеңдер, әндер жазған. - Туған жерді, туған елді – Отан деп айтамыз. Біздің Отанымыз – Қазақстан. Отанымызға құрмет көрсетіп, әркез мақтан тұту керекпіз. Сөздік	Математика негіздері Математика негіздері Тақырыбы: «Біркелкі заттар. Үлкен, кіші, кішкентай» С/Максат: Біркелкі заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсете алады, заттарды көлемі бойынша салыстыруға, үлкен, кішірек, кішкентай деген көлемдерді сөйлегенде қолдана алады, логикалық ойлауы дамиды. Күтілетін нәтиже: Бір затты топтан бөледі және топтарға біріктіре алады. Әдіс-тәсілі: Түсіндіру, сұрақ жауап, ойын ойнау, топқа бөлу, бағалау, лудий шеңбері әдісі Ресурстар: атрибуттар, Д-оптар, ленталар, алмалы салмалы заттар, геометриялық пішіндер. Үлкен-кіші Ойыншықтар, дорба, шыршалар. Шаттық шеңбері.
--	--	--	---	--	---

	компонент: қар- снет. Күтілетін нәтиже: табиғаттағы және ауа райындағы қарапайым өзгерістерді байқайды. Шаттық шеңбері: Арайлап таң атты! Қайырлы таң, Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін! Жұмбақ Шанамен зырғып желетін Шаңғы, коньки тебетін Аққала жасап ойнайтын Қай мезгіл деп ойлайсың? (қыс мезгілі) Ашық сұрақтар қою: -Бүгін ауа – райы қандай? -Адамдар қыс мезгілінде қандай киімдер киіп алған? -Ағаштарда қандай		анық айтады. Жұмбақ айту. Аяз қысып, Өрнек сызып, Терезені торлайды. Қарға омбығып, Бет домбығып, Балдырғандар ойнайды. Кейде ұлып, Кейде ысқырып, Ұйтқып боран соғады. Бөбектерім, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Қыстың орысшасы – зима деп аталады.Қане,	жұмысы: - Біз – қазақтыз. Яғни, біздің ұлтымыз – қазақ. Қазақ тілінде сөйлейміз. Біздің аталарымыз да осы қазақ жерінде өмір сүрген, аталарымыздың аталары да Қазақстанда өмір сүрген. Сол себептен Отанды «атамекен» деп те атайды. Суреттерді тамашалап отырып, мұқият тыңдайды. Қызыққан , ұқпай қалған жерлерінде сұрақтар қойып, айқындап отырады. Жана сөзді қайталайды, есте сақтауға тырысады. (Бағалау,4К моделі, саралау) - Бүгін біз Ермек Өтетілеуов деген акын ағаларының «Отан» деген өлеңімен танысатын боламыз. Өлеңді мәнерлеп оқиды. Отан Отан деген – атамекен Отан деген – туған жер, Отан – ана, Отан – үлкен Қазақстан – туған ел. - Өлеңде не туралы айтылған? - Отан деген не? – Бұл өлеңді кім жазды дедім? - Енді Отан сөзін өзге тілдерде де айтып көрейікші: Отан – Родина – Homeland (хәумлэнд)	Біз ерекше баламыз Айтқан тілді аламыз Достарымды көргенде Қуана қарсы аламын Қайырлы таң балалар Тосын сәт: Көңілді музыка ойнап тұрады. Пошташы «Сиқырлы дорба» әкеледі. -Балалар, дорбаның ішінде не бар екен? Ендеше,балалар «Жасырынған затты тап» ойынын ойнайық. Балалар, біз сендермен бүгінгі ашық оқу қызметімізде «Біркелкі заттар.Үлкен – кіші,кішкентай» ұғымдарымен танысатын боламыз. Сиқырлы дорбадан үш бала үш түрлі допты алады. -Сенің
--	---	--	--	---	--

	өзгешелік байқадыңдар? Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Бұл қай кезде олады?» (Сыни ойлау, бала үні) <i>Сергіту сәтін орындау.</i> 2.Негізгі бөлім: (суреттер көрсету) Қыста күн суық, ызғарлы, аязды болады. Қар жауады. Қардан аққала жасаймыз. Аязды күндері біздің терезелерімізге аяз сурет салады. Оны қырау дейді. Қыс мезгілі суық болса да, өте көңілді. Тоңса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз Шапалақ біз соғамыз		бәріміз қайталап айтайықшы – зима. Қыс мезгілінде ауа – райы қандай болады? Аяздың орысшасы – мороз деп аталады. Айналаны, үйлердің шатырын не басып тұр? Қардың орысшасы – снег деп аталады. Қар қайдан жауады? Қардың түсі қандай? Жұмбақ шешу. Қыста ғана болады, Ұстасаң қолың тоңады. Ол не? Сергіту сәті: Боран соғар оң жақтан, Боран соғар сол жақтан.	Сергіту сәті: Тоңса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз Шапалақ біз соғамыз Сарт-сарт-сарт Тоңса біздің аяғымыз, Етік киіп аламыз. Топылдатып басамыз Топ-топ-топ, Тоңса біздің денеміз, Тонды киіп аламыз. Шанамен зулаймыз Зу-зу-зу. Сурет салу Сурет салу Тақырыбы: : «Қазақтың ұлттық ою –өрнегінің екі элементі». (жолақша) (сәндік с/с) Мақсаты: Өрнекті түрлерін айырады. кілемшеге қазақтың ою-өрнегін салады.	қолыңда қандай доп бар? -Ал сенің ше? -Сенде қандай доп бар? Балалар доптың суретін тауып, тақтаға құрастырады. Сөздік жұмысы: «Үлкен, кіші, кішкентай» сөздерін жаңғырық әдісімен қайталау. Балалар енді бәріміз бірге алдымыздағы тапсырмаға назар аударайық. Балалар «Сықырлы дорбаны» ашуға қызығады. Тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Менің қолымда үлкен доп бар. Менің қолымда кіші доп бар. Менің қолымда кішкентай доп бар. Ойын: «Аюға өз ыдысын табуға
--	---	--	---	--	--

	Сарт-сарт-сарт Тоңса біздің аяғымыз, Етік киіп аламыз. Топылдатып басамыз Топ-топ-топ, Тоңса біздің денеміз, Тонды киіп аламыз. Шанамен зулаймыз Зу-зу-зу, Қимылмен көрсету. Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Шырша, қоян, бұр» С/Максаты: белгі бойынша қимылдар жасап, көңілдерін көтереді. Шырша-қолдарын созады Қоян-секіреді Бұр-отырады Тыңдайды. Қимылмен көрсетеді:		Қар лақтырып ойнасақ, Су өтеді қолғаптан. балалар қыста біздер қалай киініп жүреміз? - сырт киімдерді атайық? Ойын: « Сәйкестендір» қыс жыл мезгілдерінің ішіндегі суық мезгіл, қыста барлық дала құстары жылы жаққа ұшып кетпейді, кейбір суыққа төзімді құстар қыстап қалады.Бұлар сауысқан,қарға, торғай.Қыста құстардысуықтан қорғануға сыртқы жүндері де көмектеседі.		көмектес» Шарты: аюларға өздеріне сәйкес ыдыстарды тауып сызықпен қосу керек. Билингвалды компанент: үлкен – большой-large,кіші- средний - average кішкентай – маленький-small Сергіту сәті: «Бала, бала, балақан» музыкалық - анимация. Ойын: «Шырша жасап безендірейік» Шарты: үшбұрыш пішінінен шыршаны кұрастырады. Шыршаға үлкен,кіші,кішкент ай ойыншықтарды іледі. Сұрақ-жауап сәті. Ағаштардың алыс- жақын екені салыстырады.
--	---	--	--	--	---

	3.Қорытынды: қыста күн қандай болады? қардан балалар не жасайды? терезеге суретті не салады? Ыдыстағы қардың еруін бақылау. Қатты қар мен еріген қарды ұстап көру. (Бақылау, бағалау.) Қоршаған ортамен танысу . «Қазақстанның Туы» С/Мақсат: Қазақстанның Туын таниды, Қазақстанның Туына ажырата алады. Педагог мемлекеттік ту, тудың түсі, туда бейнеленген күн, қыран құс, ұлттық өрнектің қандай мағына беретіндігі туралы қосымша ақпараттар бере отырып, оны ресми				Құрылымдалған Ойын: «Өз үйінді тап» Шарты: Балалар өздері тұратын үйлерін тауып атау керек. Суреттегі үйлер алыс-жақын түрлері болады. Үлгіге қарап сызықты бастыра жүргізу арқылы баланың методикасын дамыту. (Бағалау, 4К моделі, саралау) . Музыка Тбы: "Жана жыл – жана нұр" С/максаты: шырша және Аяз ата туралы әндерге қызығады. әнді көтеріңкі көңіл-күйде, эмоционалды қабылдайды. Ән тыңдайды. (пән жетекшісі)
--	---	--	--	--	---

		түрде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы деп айтылатындығын түсіндіреді. - Балалар, енді елтаңба туралы не білесіңдер, соны байқап көрейік. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасында не бейнеленген? -Қалай ойлайсыңдар, елтаңбаның төменгі жағында қандай жазу жазылған?Елтаңбаның ең жоғарғы жағынан ненің бейнесін көріп тұрсыңдар? -Ал осы сендер айтқан шаңырақ, уықтар, қанатты ат, жұлдыз не үшін бейнеленгені түсіндіреді,оларға құрметпен қарау керектігін айтады.				
--	--	---	--	--	--	--

		Сергіту сәтін өткізу. Әнұранды қолдарын жүректерінің тұсына қойып орындайды.				
Серуенге дайындық		Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру. Серуенге ойын материалдарын тандау.				
Серуен		№ 20 Адам таситын көліктерді бақылау	№21 Баяу борасынды бақылау	№22 Мұзды бақылау	№ 23. Қылқанжапырақты ағаштарды бақылау	№ 24. Мұзды бақылау бақылау.
Серуеннен оралу		Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі,әрқайсысы өз сөрелеріне киімдерін жинау. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Ойындар, дербес әрекет		Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Ұйқыдағы аю» «Автобус» (бала үні, коммуникативтілік)	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: 1) «Жоғарыда-төменде» 2) «Дүкенші» (бала үні, коммуникативтілік)		Суретші қыс тақпағын жаттау. Ойын: «Ұйқыдағы аю» Педагог жетекшілігімен Ойын: «Шырша, қоян, бүр» Максаты: белгі бойынша қимылдар жасап, көңілдерін көтеру. Шырша-қолдарын созады Қоян-секіреді	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Бұл қай кезде болады?» «Заттар қандай фигураға ұқсайды» ойыны. (бала үні, коммуникативтілік, сыннотылау)

					Бүр-отырады (бала үні, коммуникативтілік)	
Балалардың үйге қайтуы		Баланың бүгінгі жеткен жетістігі туралы әңгімелесу. Елбасы күніне арналған өтетін шараға киімдерін әкелуді ата-анаға ескерту. Тұтас бала бейнесі	Ата-анамен пікірлесу. Үйде ойнайтын ойыншықтары туралы сұрау. Тұтас бала бейнесі	Құрылымдалған ойын : «Үй тұрғызайық» Мақсаты: Балаларға заттарды үлкен-кішілігі бойынша салыстыруды, үлгіге қарап керекті нәрсені таңдай білуді үйрету. Тұтас бала бейнесі	Балапан дәптермен жұмыс жүргізу. Мадақтау, бағалау.	Балалардың жылжымалы дәптерлерін тарату. Жақсы демалыс болуына тілек білдіру. Тұтас бала бейнесі